inCRAFT

ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМДЕРІ

# Smart Nation

## BALABAQSHA

# Табельді қалай растауға болады?

# Басты бет




Басты бетте келесі ақпараттар бар:

- Ваучерлік кезек,
- балабақшалардың каталогы,
- статистика,
- кері байланыс

Сайттың оң жақ жоғарғы бөлігінде геолокация мен тілді өзгерте аласыз.
Порталға тіркелу үшін **“Тіркелу”** батырмасын шертіңіз.
Егер сіздің тіркеулік жазбаңыз бар болса, онда **“Кіру”** батырмасын басыңыз.

# Тіркелген пайдаланушылар

Егер порталда сіздің тіркеулік жазбаңыз бар болса, келесі қадамдарды орындаңыз:

- Басты беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы **“Кіру”** батырмасын шертіңіз.
- Өз логиныңыз бен құпия сөзіңізді енгізіңіз.
- **“Жүйеге кіру”** батырмасын шертіңіз.

Егер құпия сөзіңізді ұмытып қалсаңыз:

- **“Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?“** батырмасын шертіңіз.
- Телефон нөміріңізді және ЖСН-ізді енгізіңіз.
- Деректер саясатымен танысып шығыңыз және "Мен таныстым және пайдаланушылардың деректер саясатын қабылдаймын" өрісіне құсбелгі қойыңыз.
- **“Код жіберу”** батырмасын басыңыз.
- Сіздің телефон нөміріңізге келетін кодты енгізіңіз
- Жаңа құпия сөз ойлап табыңыз және оны тағы енгізіңіз.
- **“Жіберу”** батырмасын басыңыз.






# Тіркелу

Smart Nation BALABAQSHA

Тіркелу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

- Басты беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы **"Тіркелу"** батырмасын басыңыз.

Тіркеу бетінде:

- Телефон нөміріңізді енгізіңіз.
- Ата-анасының немесе заңды өкілінің ЖСН енгізіңіз.
- Деректер саясатымен танысып шығыңыз және "Мен таныстым және пайдаланушылардың деректер саясатын қабылдаймын" өрісіне құсбелгі қойыңыз.
- **"Код жіберу"** батырмасын басыңыз.
- Сәйкес өріске телефон нөміріңізге келген кодты енгізіңіз.
- **“Жіберу”** батырмасын шертіңіз.






# Тіркелу

Жүйе өтініш берушінің тіркеу мәліметтерін көрсетеді:

- Тегі, аты, әкесінің аты, жынысы, туған күні.

Тіркелуді жалғастырыңыз:

- Бірінші өріске құпия сөз ойлап тауып, енгізіңіз.
- Екінші өріске құпия сөзді қайта енгізіңіз.
- **"Сақтау"** батырмасын басыңыз.

Жүйе сіздің деректеріңізді сақтайды.
Жеке кабинетке кіру үшін оң жақ жоғарғы бұрыштағы **"Кіру"** батырмасын пайдаланыңыз.



# Табельді растау

Баланың табелін растау үшін:

- **«Қатысу табелі»** мәзіріне өтіңіз;
- Ашылған бетте балаларыңыздың ішінен табелін растағыңыз келетін балаңызды таңдаңыз;
- **«Көз»** батырмасын басыңыз;
- Ашылмалы тізімнен растайтын айды таңдаңыз;
- Белгіленген күндер нақты қатысуға сәйкес па, мұқият тексеріңіз;
- Егер бәрі дұрыс болса, **«Растау»** батырмасын басыңыз;
- Ашылған модальды терезеде қайтадан **«Растау»** батырмасын басыңыз.






# Табельді растау

**Маңызды!**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 бұйрығының 49-тармағының 24-тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметті алушы ваучер иесінің мектепке дейінгі ұйымға келу табелін есепті айдан кейінгі **айдың 1-інен 10-ына дейінгі аралықта** растауы тиіс.

Егер қатысу табелі **2 (екі) ай қатарынан** расталмаса (табельдегі деректерге келіспеу себептерімен растаудан бас тарту жағдайлары есепке алынбайды), **ваучер жойылады**.






SmartNation

ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМДЕРІ

# Назарларыңызға рахмет!

Байланыс-орталығы:
8 (727) 339-72-22
8 (747) 339-72-22 (WhatsApp)

BALABAQSHA